www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
№37 /sársenbi/ 18 qyrkúiek 2024 ж.

## ҚАЗАҚСТАН - V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қорытындысы бойынша Қазақстан 114 медаль жеңіп алып, жалпы командалық есепте бірінші орын алды. Оның ішінде, 44 алтын, 33 күміс және 37 қола, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігінің Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының баспасөз қызметі.

Қазақстан ұлттық құрамасының сапында 21 спорт түрінен 216 спортшы бақ сынады.

Соңғы жарыс күні ұлттық құрама қоржыны 25 медальмен толықты. Оның ішінде, 11 алтын, 9 күміс, 9 қола жүлде.

**Астана.**

## Мәжілісте ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан қаласына рухани және тарихи орталық ретіндегі ерекше мәртебе мәселесін көтеріп, тиісті тапсырма берген болатын. Осыған байланысты мәжілісте «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заң жобасы мен оған ілеспе түзетулер таныстырылды. Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінде өткен жиынға комитет төрағасы Нұртай Сабильянов жетекшілік етті.

Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленгенін айтты. Оның мақсаты — Түркістан қаласының еліміздің рухани, мәдени және тарихи орталығы ретінде қалыптасуы, дамуы және жұмыс істеуі үшін құқықтық шарттар құру.

Сонымен қатар заң жобасы аясында қаланың тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштері мен нысандарын басқару мен сақтаудың оңтайлы жүйесі әзірленген.

— Заң жобасының негізгі новеллаларының бірі — Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватын құру. Бұл ретте құрылыстың бөгде элементтеріне жол бермеу және оның бірегейлігін сақтау үшін Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің айналасындағы құрылыс жұмыстары шектеледі. Атап айтқанда, кесененің қорғау аймағының шекарасына іргелес жатқан жүз метрлік қашықтықта биіктігі жеті метрден асатын, сондай-ақ ауқымы, түсі және құрылыс материалдары бойынша тарихи ескерткіштермен сәйкес келмейтін объектілер салуға жол берілмейді, — деді Бауыржан Омарбеков.

Сонымен қатар Түркістан қаласының әкімдігі мен мәслихатына бірқатар жаңа құзіреттілік беру жоспарланып отыр. Мысалы, жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің пайдаланылуына және оларды күтіп-ұстау тәртібіне мемлекеттік бақылау жүргізу, ғылыми реставрация жұмыстары бойынша ғылыми-жобалау құжаттамасын келісу, сондай-ақ қаланың жобалау кодексі мен қала құрылысы ережелерін әзірлеу.

Вице-министрдің айтуынша, заң жобасы туристік қызметті ілгерілету және оны дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, туристік орындардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін көлік және инженерлік инфрақұрылымды бейімдеуге бағытталған.

Баяндаманы тыңдаған соң депутаттар қаланы қаржыландыру, агломерациясын дамыту, туристерді тарту және басқа да мәселелерді талқылады. Заң жобаларының мазмұнын жетілдіруге қатысты айтылған ұсыныстар жұмыс тобының отырыстарында ескерілетін болады. Жұмыс тобына Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Темір Қырықбаев жетекшілік етеді.

Аталған маңызды мәжіліске Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев бастаған жұмысшы топ өкілдері қатысты. Осы Заң жобасы Түркістан қаласының дамуына оң серпін береді деп күтіліп отыр.

Заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 27 қыркүйектегі Түркістан облысына сапарында берген тапсырмасына және 2023 жылғы 10 сәуірдегі қарарына сәйкес әзірленген. Оны әзірлеуге Түркістан қаласының Түркі мемлекеттері ұйымы мен түркі әлемінің рухани астанасы ретінде танылуы да негіз болды. Сонымен бірге қаланың тарихи келбетін және оның аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау қажеттілігі,

Жалғасы 2-ші бетте

## ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БАС ЖОСПАРЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫМЕН ТАНЫСТЫ



Қазақстан Премьер-Министрі Олжас Бектенов Шымкентке жұмыс сапары аясында мегаполистің қазіргі даму барысымен және Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын іске асыру шараларымен танысты.

«Оңтүстік» индустриялды аймағының аумағында Үкімет басшысы сусындарға арналған алюминий қалбырлар мен қақпақтар шығаратын QazAlPack кәсіпорнында болды. Үкімет басшысы сондай-ақ «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» мұнай өңдеу зауытында түрлі отын түрлерін өндірудің технологиялық тізбегімен танысты.

Сапар барысында Премьер-Министр жаңа салынып жатқан бірқатар әлеуметтік және жол нысандары мысалында Шымкент қаласы бас жоспарының іске асырылуымен танысты. Онда жыл соңына дейін 2,6 мың пәтерге арналған 66 тұрғын үйді пайдалануға беру жоспары туралы баяндалды.

Сондай-ақ Үкімет басшысына қаланы айналып өтетін транзиттік көліктің өтуін қамтамасыз ету үшін ұзындығы 28,2 км «Қорғас-Алматы-Шымкент- Өзбекстан Республикасы шекарасы» А-2 автожолын реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы баяндалды.

Жалғасы 2-ші бетте

## ЕЛІМІЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ ЕҢ ҰЗЫН АВТОКӨЛІК ТОННЕЛІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Шақпақ баба ауылының маңында орналасқан халықаралық маңызы бар автожол тоннелі ел игілігіне пайдалануға берілді. Салтанатты шараға ҚР Көлік вице-министрі Аблалиев Сәтжан, Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек, сала мамандары мен екі облыстың ақсақалдары қатысты.

Маңызды нысанның ашылу салтанатында алғысөз алған Көлік вице-министрі тұрғындарды қуанышымен құттықтап, салада атқарылып жатқан жұмыстарды айтып өтті.

— Бұл — Қазақстанның көлік инфрақұрылымы үшін маңызды оқиға. Еліміздегі алғашқы тоннель. Бүгін ашылғаннан кейін негізгі көлік ағыны Шақпақ Баба елді-мекенінің айналма жолына бағытталды. Бұл елді мекеннің ішіндегі жол қауіпсіздігін арттыруға септігін тигізбек. Сонымен қатар нысан қыста жүргізушілердің Шақпақ баба асуында қар құрсауында қалып қоймауына мүмкіндік береді, — деген Сәтжан Аблалиев жол пайдаланушыларына жайлы және қауіпсіз жол тіледі.

Басқосуда Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов құттықтау сөз алып, нысанның маңыздылығына тоқталды.

— Бүгін біз еліміздегі ең маңызды әрі құрылысы күрделі нысанды тапсырғалы тұрмыз. Түркістан облысы мен Жамбыл облысын байланыстыратын автожол тоннелі республикадағы көлемі бойынша ең ұзын тоннель екендігін атап өткім келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына Жолдауында еліміз Азия мен Еуропаны қосатын әлемдік маңызы бар көлік-тасымал торабына айналу қажеттігін атап өтті. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыстар атқарылуда. Бұл нысанды пайдалануға беру арқылы жол қозғалысының қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі және өңірдегі жолаушылар ағыны мен жүк айналымы артып, туризмнің дамуына әсерін тигізеді, — деді Зұлпыхар Жолдасов.

Бұл құрылыс — еліміздегі автомобиль жолдары саласындағы бірегей жоба. Түркістан облысы, Шақпақ Баба асуындағы екі жолақты тоннелдің ұзындығы 840 метрді құрайды. Ені — 11 метр, биіктігі — 8 метр.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тоннелдің екі жағында жарықтандыру, желдету, дабыл беру және бағдаршамдарды реттеу үдерістерін басқаратын диспетчерлік пункттер қарастырылған. Сонымен қатар нақты уақыт режимінде тоннелді бақылауға мүмкіндік беретін бейнебақылау және өрттен қорғау жүйелері орнатылған. Тоннелдің жанында жүргізушілер мен жолаушылар үшін жол жөндеу пункті, жанармай құю бекеті, тікұшақ алаңдары және сауда аймақтары қарастырылған.

Автожол тоннелінің ашылуы қарсаңында 100 адам және 15 бірлік арнайы техника жұмылдырып, арнайы оқу-жаттығулары өткендігін атап өткен жөн. Арнайы жаттығулар шеңберінде тоннелдің қауіпсіздік жүйелері, соның ішінде желдету және өрт сөндіру жұмыстары сыналды. Сондай-ақ төтенше жағдай кезінде көлік құралдарын жедел сүйреу және жол-пайдалану техникасының қозғалысын ұйымдастыру бойынша іс-әрекеттер пысықталды.

Іс-шара барысында Көлік вице-министрі Аблалиев Сәтжан осы саланың дамуына елеулі үлес қосып, аянбай еңбек етіп жүрген бір топ азаматқа төсбелгі тағып, Алғыс хаттармен марапаттады.

Жол қозғалысына нұсқаулық берілгеннен кейін, тоннелден автошеру жүріп өтті. Құрылыс жұмыстарының сапасы Ұлттық сапа орталығының тұрақты бақылауында болды

Айта кетейік, облыста 2024 жылы автомобиль жолдары саласын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 41,4 млрд теңге бөлініп, құрылыс-жөндеу жұмыстарымен жалпы 1061,3 шақырымды құрайтын жолдар мен көшелер қамтылды. Жыл қорытындысымен 559,6 шақырым жол пайдалануға беріледі деп көзделуде.

**Мақсат ТОҚСАНБАЙ.**

# 20 ӨҢІРДЕ IT-ОРТАЛЫҚТАР ІСКЕ ҚОСЫЛУДА



Студенттердің мүмкіндіктерін кеңейту және біліктілігін арттыру мақсатында колледждер базасында өңірлік IT-орталықтар құрылып жатыр. Бұл экономиканың цифрлық трансформациясы мен IT-мамандарга сұраныстың өсуі жагдайында аса өзекті болып отыр, деп хабарлайды ҚР Оқу-агарту министрлігі.

Бүгінде Павлодар ақпараттық технологиялар колледжінде «IT HUB / JYLYJAI10 IT» өңірлік IT орталыгы табысты жүзеге асырылуда, мұнда «Робототехника», «Графикалық дизайн» және «3D-прототиптеу» багыттары бойынша білім беру курстары жүргізіледі.

Орталықта 3D-прототиптеу, желілік әкімшілендіру, веб-дизайн, виртуалды және кеңейтілген шындық зертханаларын қоса алганда 10-нан астам мамандандырылган зертханалар бар. Сонымен қатар багдарламалық қамтамасыз ету, веб-сайт құру және өндірістік прототиптер бойынша ақылы қызметтер ұсынылады. Орталықта сондай-ақ студенттерді WorldSkills және JuniorSkills чемпионаттарына дайындайды.

«Өңірлік IT-орталықтар колледж студенттеріне еңбек нарыгында сұранысқа ие заманауи техникалық дагдыларды игеруге, сондай-ақ озық білім беру ресурстары мен багдарламаларына қол жетімділікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Бұл инновациялық жобаларды дамыту, IT-компаниялармен және халықаралық серіктестермен ынтымақтастық құру багытында қосымша мүмкіндіктерге жол ашады», — деп атап өтті Техникалық және кәсіптік білім департаменті директорының орынбасары Ақзира Қасымова.

Тагы 20 IT-орталықтың ашылуы жоспарлануда, оның ішінде Алматыдагы IT HUB Almaty Polytechnic College өз жұмысын осы жылдың қараша айында бастайды.

**«Айгақ»-ақпарат.**

# МӘЖІЛІСТЕ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

*(Жалгасы. Басы 1-бетте)*

Түркістан қаласының халық санының тез өсуі де негіз болган. Соңгы 6 жылда халық саны 60 мыңга өсіп, қазір 233 мыңнан асты.

Заң жобасын әзірлеу барысында Англия, Италия, збекстан, Әзербайжан және тагы басқа мемлекеттердің тарихи ескерткіштерін сақтап қалу бойынша тәжірибелері зерттелген. Министрліктің өкілдері Заң жобасы бойынша Түркістан қаласына іссапарга шыгып, халықпен кездескен, онда Заң жобасының ережелері, нормалары талқыланды.

## ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН МҰРАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙЕДІ

Заң жобасы 4 тараудан және 15 баптан тұрады. Мақсаттары мен міндеттері — Қазақстан Республикасының рухани-мәдени және тарихи орталыгы ретінде Түркістан қаласының қалыптасуы, дамуы және жұмыс істеуі үшін құқықтық шарттар құру, сондай-ақ жалпы мемлекеттік маңыздылыгын тану; қаланың тарихи-мәдени маңызы бар, соның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бүкіләлемдік мұра объектісінің қоргау аумагында орналасқан ескерткіштер мен объектілерді басқару мен сақтаудың оңтайлы жүйесін құру. Тарихи-мәдени мұраны сақтау, қоргау және рухани объектілердің киелілігін сақтау — Заң жобасының негізгі қагидаттары.

Осы бастама арқылы Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватын құру, ұлттық қолөнер саласындагы шеберлерге қолдау көрсету, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің айналасындагы құрылысты шектеу, құрылыстың бөгде элементтеріне жол бермеу және оның бірегейлігін сақтау көзделген. Атап айтқанда, кесененің қоргау аймагының шекарасына іргелес жатқан жүз метрлік қашықтықта биіктігі жеті метрден асатын, сондай-ақ аукымы, түсі және құрылыс материалдары бойынша тарихи ескерткіштермен сәйкес келмейтін объектілер салуга жол берілмейді.

## ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДІК ПЕН МӘСЛИХАТТЫН ҚҰЗЫРЕТТЕРІ КЕҢЕЙЕДІ

Заң жобасы аясында Түркістан қаласының әкімдігі мен мәслихатына қосымша 34 құзыретті беру көзделген. Осылайша, қала мәслихатына 7 құзырет берілмек. Олар:

- қала құрылысы регламентін мен қаланың дизайн кодын;
- Сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қагидаларын, тарихи, ландшафттық-табиги, функционалдық, жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, қаланың сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау тәртібін айқындайды;

Ұлттық қолөнер саласындагы шеберлер шыгындарының белгілі бір бөлігін бюджеттен өтеу қагидаларын (өтемақы мөлшері 10%-дан 25%-га дейін) қарастырады. Бейнебақылау мониторингін жүргізу қагидаларын; Көпшілікті тамақтандыру, сауда және қызмет көрсету стационарлық емес объектілерін, жазгы алаңдарды орнату қагидаларын айқындайды. Түркістан қаласының аумагында нышанды (қаланың эмблемасы мен таңбасы) пайдалану тәртібін бекітеді.

Қала әкімдігіне 27 құзырет беріледі, олар негізгі 3 багытқа бөлінген. Бірінші багыт қаланың мәдени игілігі мен рухани дамуын сақтау мәселелерін реттеуге, сондай-ақ тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге багдарланган. Осы міндеттерді іске асыру үшін Түркістан қаласының әкімдігіне құзыреттер беріледі. Мәселен, қала әкімдігі маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің пайдаланылуына және оларды күтіп-ұстау тәртібіне мемлекеттік бақылауды жүргізеді. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылуын және оларды күтіп-ұстау тәртібін; жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі гылыми-реставрациялық жұмыстардың және археологиялық жұмыстардың жүргізілуін бақылауды қамтиды. Жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің гылыми реставрация жұмыстары бойынша гылыми-жобалау құжаттамасын келісу және тагы басқа мәселелерді реттейді.

Екінші багыт кесене айналасындагы құрылыс стандарттарын және қала аумагында бірыңгай құрылыс стилін қолдануга багдарланган. Қала әкімдігі қаланың дизайн кодын және қала құрылысы регламентін әзірлейді. Қаланың дизайн коды әзірленіп, сәулетіндегі бірізділік сақталады.

Үшінші багыт туристік қызметке жәрдемдесу мәселелерін реттеуге және оны дамыту үшін қолайлы жагдайлар жасауга, туристік орындардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін көлік және инженерлік инфрақұрылымды бейімдеуге багдарланган. Кәсіпкерлік субъектілерінің туристік қызмет объектілерін салу және реконструкциялау, сондай-ақ жол бойындагы сервис бойынша шыгындарының бір бөлігін өтеу қаралады. Туристік қызмет субъектілеріне әдістемелік және консультативтік көмек көрсету, туризм инфрақұрылымын дамыту шаралары қабылданады.

Сонымен қатар Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе Заң жобасын әзірледі. Заң жобасымен Жер кодексіне, «ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қоргау және пайдалану туралы», «ҚР туристік қызмет туралы» ҚР заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу көзделген.

## ТҮРКІСТАНҒА КЕЛГЕН ШЕТЕЛДІК САЯХАТШЫЛАР САНЫ АРТЫП, ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ К ТЕРІЛУДЕ

Түркістан қаласының жер көлемі — 22,4 мың гектар. 2024 жылдың 1 тамыздагы жагдай бойынша халық саны 233 533 адам. Оның экономикалық белсендісі 87873 адам.

Облыс әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен Түркістан өңірінің аудан, қалаларын дамыту жұмыстары жүруде. Оның ішінде Түркістан қаласына ерекше көңіл аударылган. Жұмыстар нәтижесінде көрсеткіштер жақсаруда. неркәсіп өнім көлемі 19 902,5 млн. теңге, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 11 845,6 млн. теңге немесе 107,8%-ды құрады. Ауыл шаруашылыгының өнім көлемі 3466,3 млн. теңге немесе НКИ 104,0% құрады, жылыжайлар — 1,5 га. 2024 жылдың қаңтар-шілде айының қорытындысымен 22 002 бірлік шагын және орта бизнес тіркелген. Қалага 163 185,4 млн. теңге (138,3%) инвестиция тартылган. Оның ішінде жеке инвестиция 104 508,9 млн. теңгеге ұлгайган.

Қалага келетін туристер саны артып келеді. Туристер мен зиярат етушілер саны 2023 жылы 1 015 211 адам болса, 2024 жылдың 6 айында 752121 адам келген. Шетелден 2022 жылы 7113 адам келсе, 2023 жылы 12 169 адам мейман болган.

**Шолушы.**

# ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БАС ЖОСПАРЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫМЕН ТАНЫСТЫ

*(Жалгасы. Басы 1-бетте)*

Шымкент қаласына жұмыс сапары барысында Қазақстан Премьер-Министрі ауыл шаруашылыгындагы өңдеу, фармацевтика және тамақ өнеркәсібі салаларының өкілдерімен кездесті. Президент Жолдауындагы өнеркәсіптік әлеуетті толық ашу және экономика өсімінің жаңа нүктелерін дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыру барысы мен шаралары талқыланды.

Премьер-Министр қаланың өнеркәсіптік әлеуетімен танысты. «Химфарм» фармацевтикалық зауытының аумагында Үкімет басшысына өндірістік қуаттар жыл сайын 1 млрд бірлікке дейін таблеткалар, капсулалар мен түйіршіктер, 250 млн ампула инъекциялық ерітінділер және басқасын шыгаруга мүмкіндік беретіні баяндалды. Фармацевтикалық кәсіпорын 89 аталым бойынша дәрілік заттарды жеткізеді. Қаланың фармацевтика саласында кәсіпорынның үлесі 99,2%-ды, республика бойынша — 43%-ды құрайды. Кәсіпорында 897 адам жұмыс істейді. Қызметкерлер Еуропа елдерінде үнемі бейіндік оқытудан және біліктілігін арттырудан өтеді. Үкімет басшысы фармацевтика өнеркәсібіндегі отандық өндірістің үлесін одан әрі арттырудың маңызын атап өтті

Шымкент қаласының Алтынтөбе елдімекеніндегі «Алан және Компания» джем мен шырын өндіретін кәсіпорнына барган кезде зауыт сагатына 7 тоннага дейін көкөніс пен жемістерді өңдеуге мүмкіндік беретін заманауи жабдықтармен жабдықталганы баяндалды. 45 гектар жерге тамшылатып суару жүйесі орнатылган, алма, шабдалы, алмұрт және жүзім өсіріледі. Компанияга «Инвестициялық салымдар кезінде А К субъектісі шеккен шыгыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» багдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдау көрсетілді.

Импортты алмастыру мақсатында 2024-2028 жылдарга арналган ауыл шаруашылыгы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту жөніндегі кешенді жоспарга саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі қадамдар енгізілді. Ол үшін қайта өңдеу кәсіпорындарын сапалы шикізатпен қамтамасыз ету, сақтау сыйымдылықтары мен технологиялық жабдықтарды жаңгырту үшін инвестицияларды белсенді тарту, сондай-ақ қосымша өндірістік қуаттарды құру көзделген. Премьер-Министр аталган шаралар салага елеулі қолдау көрсететінін және отандық қайта өңделген өнімдер өндірісін ұлгайтуга ықпал ететінін атап өтті. Бұл ішкі нарықты толтыруга және импортты алмастыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Жұмыс сапары барысында Үкімет басшысы The Coca-Cola Company сауда белгілері бар алкогольсіз сусындар шыгаратын жаңа зауытпен танысты. «Кока Кола Алматы Ботлерс» бірлескен кәсіпорны Шымкент қаласындагы сауда-логистикалық орталықтың аумагында орналасқан. Кәсіпорын газдалган, газдалмаган сусындар мен бөтелкедегі суды өндіреді, зауыттың қуаты — жылына 283 млн литр. 100 жұмыс орнын ашатын жобадагы инвестиция сомасы 27 млрд теңгені құрайды.

Премьер-Министр жергілікті жерлерде инвесторларга көрсетілетін қолдау шараларына, сондай-ақ олар шыгаратын өнімнің сапасын үнемі арттырудың маңызына назар аударды. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында қойылган міндеттерді іске асыру аясында дамудың ары қарайгы келешегіне назар аударылды.

Сапар барысында Премьер-Министр жаңа салынып жатқан бірқатар әлеуметтік және жол нысандары мысалында Шымкент қаласы бас жоспарының іске асырылуымен танысты. Онда жыл соңына дейін 2,6 мың пәтерге арналган 66 тұргын үйді пайдалануга беру жоспары туралы баяндалды. Биылгы қорытынды бойынша 1,4 млн м2 тұргын үй пайдалануга беріледі деп күтілуде. Тұргын аудандарда жайлы мектептер, емханалар, заманауи спорт кешендерінің, сондай-ақ Оқушылар сарайының құрылысы жүргізіліп жатыр.

Премьер-Министр 36 тұргын үй салынып жатқан Ақжайық шагын ауданына аралау барысында құрылыс сапасына және қазақстандық тауарлар мен қызметтердің үлесін одан әрі арттыру қажеттігіне назар аударды.

Сондай-ақ Үкімет басшысына қаланы айналып өтетін транзиттік көліктің өтуін қамтамасыз ету үшін ұзындыгы 28,2 км «Қоргас-Алматы-Шымкент- збекстан Республикасы шекарасы» А-2 автожолын реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы баяндалды.

Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қуаныш Асылов қаланы айналып өтетін транзиттік көліктің өтуін қамтамасыз ету үшін ұзындыгы 28,2 км «Қоргас-Алматы-Шымкент- збекстан Республикасы шекарасы» А-2 автожолын реконструкциялау жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы баяндады.

Қаланың одан әрі дамуы, өндірістік қуаттардың кеңеюі және жаңа инфрақұрылымдық жобалардың іске қосылуы тұрақты және үздіксіз энергиямен жабдықтауды талап ететіні атап өтілді. Бүгінгі таңда Шымкентте жеке өндірілетін энергияның жалпы қуаты 120 МВт құрайды, сонымен бірге қала 400 МВт, сұраныстың ең жогары кезеңдерде — 500 МВт қуатты тұтынады.

**Шолушы.**

# Шыққан биігі шың болды





«Тәуелсіздік көпірінің» құрылысымен танысуға келген ҚР Премьер-министрі Қ.Тоқаев, облыс әкімі Б.Сапарбаев және мен

**Кенжехан Атақұлұлы Төлебаев**

*1954 жылы Оңтүстік өңірінің жүрегі іспеттес Мырзашөл өңірінде дүниеге келді. Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады. Арғы атасы Құлқара қара суды теріс ағызған молда болса, Төлебай ата ойы ұшқыр, сөзі жүйелі, елге сыйлы адам болған. Ал, әкесі Атақұл Мырзашөл өңірін игерушілердің алдыңғы легінде еңбек еткен, атбеплік өнері талайды сүйсінткен, қажыр-қайратын туған жерін түлетуге арнаған еңбек адамы болған. Еңкейген еңбек пен тектіліктің тәрбиесін ал-ғандығын қызметте байқатты.*

*Жаңадала ауылындағы сегіз жылдық «Октябрь» мектебі. Оқушы Төлебаевқа білім беріп, қанат қақтырған алтын ұя. Білім ошағы 70-ші жылдары онжылдыққа көшіп, Кенжехан Атақұлұлы бастаған 16 замандас алғашқы түлек атанды.*

*Арманға қанат байлап, білім қуған бозбала 1971 жылы ару қала Алматыға келді. Дегенмен, үлкен шаһар шалғайдағы ауыл баласына бірден мейірімін төкпеген. Сынақтан сүріндіріп, білімнің қол жете бермейтін құнды қазына екенін көрсетті. Көздеген мақсатына жетпей қоймайтын Кенжехан Төлебаев 1972 жылы қазақ аграрлық университетінің экономика факультетіне түсті.*

*Елге оралған Кенжехан Төлебаев қолдағы диплом, тасып тұрған қуатпен Киров ауданындағы XX партсъезд совхозында құрылыс бөлімінің есепші қызметіне кірісті. Еңбекке ерте араласуы өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын маманды тәрбиеледі.*

Жүктелген міндетті дөңгелетіп алып кететін қасиеті бар. Тәжірибесі толысқан, қабілеті шираған жан. Ар-намысын таза ұстап, сабырлы, салмақты, табанды, талапшыл қалпынан танбаған. Белсенді қызметтері мен шаруаны шегіне дейін жеткізу қабілеті бар, осы әрекеттер арқылы халықтың қадірлісіне айналып, сый-құрметке ие болған азамат. Талмас табандылығы мен ізденіс-іскерлігінің арқасында ел құрметіне бөленген.

Ол тасып тұрған қуатпен Киров ауданындағы XX партсъезд совхозында құрылыс бөлімінің есепші қызметіне кірісті. Еңбекке ерте араласуы өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын маманды тәрбиеледі.

Қызмет баспалдағымен XX Партсъезде комсомол ұйымының хатшысы, совхоз комсомол комитетінің жетекшісі, «Мақталы» совхозының партком хатшысы, «Мақталы» совхозының директоры лауазымына шықты. Ол жылдар нағыз тәжірибе мен тындырымды тірліктер алаңы дерсің. Мақта өнімділігін арттыру бойынша рекордтық нәтиже көрсетті.

1992 жылы ол Мақтаарал ауданының алғашқы әкімі болып тағайындалды. Жаңа жүйе, кадр жасақтау, әлеуметтік тұрмысы әлсіреп қалған қоғамды қалыпқа келтіру оңай емес еді.

«Тәуелсіздік» көпірі салынғанда облыс орталығына келу үшін шекара асып, збекстан арқылы өтіп жүрген қалың қазақты балаша қуангандығы.

зге елдің қас-қабағына қарап, кеденнен өткен жолаушыны жақсы біледі. Дәл осы мәселені шешуде оның еңбегі ерен еді. Ол 1996 жылы республикалық актив отырысында ел Президентінің алдында айтқан ұсыныстарының жемісін бүгін оңтүстіктегі дүйім жұрт көріп келеді.

Осындай елі үшін еткен қызметтің әрбір баспалдағында өзіндік ізін қалдырған кейіпкеріміз

**КЕНЖЕХАН ТӨЛЕБАЕВ.**

Дарияның ар жағындағы аудандар үшін маңызды нысанның салынуына ықпал еткен Төлебаевтың шарапаты әлі күнге дейін ел есінде. 2001 жылдың 1 қарашасында ұзындығы 461 метрді құраған көпір ел игілігіне қолданысқа беріліп, іріленген Мақтаарал ауданы халқы үшін «Ақ түйенің қарны жарылған күн» болды.

Мақтаарал мен Шардара аудандарын басқарған жылдары Төлебаевты ширатты, шынықтырды. Басқарушылық қабілетінің жетіліп, толысқан шағы болды.

Туған жердің төсінде жүріп, шағалалы Шардараны, ақ алтынымен әлемге танылған Мақтааралды екі рет басқарған Кенжехан Атақұлұлының қарым-қабілетін облыс танып, ендігі жұмыстың легін облыс орталығында жүріп жалғастыруды ұйғарды. 2002 жылы облыстық экономика басқармасының басшысы, 2003-2006 жылдары облыс әкімінің орынбасары лауазымын атқарды. Құрылыс, жол-көлік, әлеуметтік сала, төтенше жағдайлар кезіндегі мәселеге жауапты болған Төлебаев іскерлігін мұнда да көрсетті. Кеңес заманынан қалған сақалды құрылыстарды аяқтап, тұрғын үй, мектеп, аурухана, емхана нысандарын пайдалануға беруге атсалысты.

2004 жылы «Нұрсәт» шағын ауданының құрылысы басталды. Бүгінде үшінші мегаполистің орталығына айналған аумақтан тұрғын үй салып, ғимараттардың бой көтеруінің алғышартын бастаған жанның бірі Кенжехан Төлебаев еді.

2004 жыл қуантумен қатар, көңілге қаяу да салды. Сырдың суы тасып, Отырар ауданындағы ауылды су басты. Жағдайды шұғыл ретке келтіру осы салаға жауапты әкім орынбасары Төлебаевтың мойнына жүктелді. Артылған сенім арада бірнеше ай салып-ақ ақталды.

Қызметтің келесі шыңы жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, зілзалалар мен апаттардың алдын алу және зардабын жою басқармасы еді. Атауы ұзақ басқармада төтенше жағдайлар көп орын алды. 2008-де Сарыағаштағы Қызыләскер ауылын су басты, 2010-да Ордабасыдағы Найман каналы тасыды, 2011 жылы Созақтағы Таукент, Сызған, Созақ елді мекендері қатты дауылдан зардап шекті. Дей тұрғанмен, Кенжехан Атақұлұлы басшылық ететін басқарма облыс көлемінде шұғыл әрекет етіп, республикадан берген жәрдемді үлестіруге, жалпы елдің баяғы қым-қуыт тірлікке қайта ауысуына бар күш-жігерін жұмсады.

2013 жылы Кенжехан Атақұлұлы сол кездегі «Шымкент аграрлық колледжіне» басшылық қызметке келді. Осы тұстан бастап ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын білім ордасының жұлдызы қайта жарқырай бастады десек те болады.

Бірнеше жылдың ішінде колледж аяғынан тік тұрып, еңсесін көтерді. Материалдық-техникалық базасы түгенделіп, 2015 жылы заман талабына сай жабдықталған 5,5 га аумақты алып жатқан оқу-өндірістік базасы салынды. Теориялық білімді тәжірибе алаңында шыңдауға арналған орынды ашуда басшылық қызмет атқарған Кенжехан Төлебаевтың еңбегі өлшеусіз.

Білікті басшы ұжымды ұйыстырып, ауыл шаруашылығының кәнігі мамандарын даярлау жолында көп еңбек етті. Соның арқасында колледж республикадағы үздік ондықтың қатарына қосылды. Сәйкесінше, үздік оқу орнының білім берудегі әдістемесі мен тәжірибесін еліміздегі өзге колледждер үлгі ретінде қолдана бастады.

Табыс пен тұрмыстың тұғыры — еңбек. 40 жылдан астам уақытын қоғамға қалтқысыз қызмет етуге арнаған Кенжехан Төлебаев зейнет жасына жетіп, кезегі келген өмірдің жаңа белесіне бет бұрды. Қазір де қоғамның қазынасы, ақылшысы болған Шымкент қаласындағы ардагерлер ұйымын басқарып келеді.

Ел ағалары мен аналарының басын бір арнаға топтастырған ұйым - шаһардың дамуына, шағын отан - отбасы құндылығының құлдырамауына, жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Кенжехан Төлебаев келелі істердің бел ортасында жүретін ардагерлерді ұйымдастырып, еліміздің бірқатар аймағына сапар шегіп, жүрген жерінде өсиет-өнегесін айтып, ел мен елді, аға буын мен жас ұрпақтың арасында дәнекер болып келе жатыр.

2019 жылы Арыстағы жойқын апат кезінде ардагерлерді ұйымдастырып қолдан келген көмекті аямады. 2020 жылы Мақтаарал ауданын су басқанда сол өңірдің географиялық, әлеуметтік құрылымын жетік білгендіктен, арнайы құрылған штабта күн-түн демей, айлап жүрді. Су басқан аймақтағы ахуалды тұрақтандыру, жағдайды қалыпқа келтіру жолында қалтқысыз қызмет етті.

Кенжехан Төлебаев үлкенге ізетпен, кішіге құрметпен қарым-қатынас жасауды терең меңгерген — психолог. Сондай-ақ, сөз бастағаннан — ақ не айтарыңды, сөз сарынының меңзеп отырған түйінді жерін айтпай-ақ біліп қояды. Қай тақырыпты қозғасаң да Төлебаевтың толғамы ерекше. Кез-келген мәселенің мәнісіне жеткізіп, егжей-тегжейлі түсіндіре кететіні оның білім мен біліктілігінің, көргені мен көңілге түйгенінің көптігінің арқасы, шаруаға ширап шыңдалғанының айқын көрінісі.

Әр әке өз баласына өмірдегі алғашқы ұстазы. Ал ұстаз ұрпақ тәрбиесінің айнасы іспеттес. Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы десек жақсы ұстаздың шәкірті озады. Кенжехан Атақұлұлының өз ұрпағына үлгі тұтар ұстазы болғаны оның перзенттерінің бүгінде бір-бір белесті биігіне тұрақтағанынан — ақ айқын байқауға болады. Адам баласы белді қызметінен бұрын ұрпағымен мың жасайтынын ескерсек, Төлебаевтың халыққа, мемлекетке қызмет етіп жүрген перзенттерімен бай әрі бақытты әке.

**«Тоқсан ауыздың тобықтай түйіні» өмірде шыққан биігі шың болған нар тұлғалы азамат.**

**Ұлжан НАУШАБАЕВА.**

## 2025 ЖЫЛЫ САРЫАҒАШ ҚАЛАСЫНЫҢ 102 ШАҚЫРЫМДЫҚ АЙНАЛМА ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

Түркістан облысында инфрақұрылымды жақсарту, әлеуметтік нысандар салу, жол салу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Облыс әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен аудан, қалалардың даму жоспары жүйеленіп, тұрғындардың өтініштеріне сай істер атқарылуда. Соның бірі — Сарыағаштағы айналма жол мәселесі.

ҚР Көлік министрлігінің тапсырысымен 2025 жылдан бастап «Сарыағаш қаласы айналма жолын салу» нысанын іске асыру жоспарланып отыр. Жолдың жалпы ұзындығы 102 шақырымды құрайды. Бүгінгі таңда, министрлік тарапынан жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жол құрылысы Қабланбек елді мекенінен басталып Қызыләскер елді мекеніндегі «Б.Қонысбаев» кеден бекетіне дейін жалғасады. Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәлімдеуінше, нысаның құрылысы кезінде 9 дана жолайрық, 26 көпір, 5 жер асты өткелі, 11 теміржол өткелі, 4 демалыс алаңы, 1 жол пайдалану телімі және 10 ақылы жол аркасы орнатылады. Бұл жұмыстар халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақтардың экономикалық әлеуетін көтеріп, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға үлес қоспақ.

# МӘДЕНИЕТ АДАМ ДАМУЫНЫҢ ӨЛШЕМІ

Мәдениет саласы - қалалық ортада әртүрлі өзгерістер жүзеге асырылатын маңызды ресурс. Мәселен, дамыған шет ел мемлекеттерінде, яғни СССМ (The Cultural and Creative Cities Monitor - СССМ) аясында қамтылған. Европа қалаларының мәдени саласын талдау кезінде, ең әуелі қаладағы мәдениет мекемелері мен объектілерінің (мәдени әртүрлілік) болуы мен тартымдылығы, креативті экономика, сондай-ақ мәдени-шығармашылық процестердің өркендеуіне қолайлы жағдайлар қарастырылады. Нәтижесінде мәдени және шығармашылық құндылықтардың европа қалаларында әртүрлі екендігін көрсетті. Бұл өз кезегінде жергілікті билік органдарына нақты жағдайларға бейімделген даму стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, орташа қалаларда бір тұрғынға шаққандағы мәдени қорлардың мөлшері ірі қалалардан асып түседі деген қорытынды жасалған. Тиісінше, талдау жеке кезеңдердегі қала мәдениетінің даму деңгейін бағалауға және оның қалалар мен жалпы халықтың дамуына әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мәдениет саласының маңызды бөлігі мәдени шаралар. Ол халықтың ауызбіршілігін арттырып, дүниетанымын кеңейтеді. Бұқаралық іс-шаралар мәдениетті, спортты, салауатты өмір салтын насихаттаудың маңызды құралы болып табылады, сондай-ақ азаматтардың белсенді өмір салтын қалыптастыруға және жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді.

Ағымдағы жылдың алты айында Шымкентте 16 ресми, мәдени көпшілік іс-шаралар өткізіліп, қатысушы саны 26 100 адамды құрады. 21 қаңтар «Қазына» би ансамблінің құрылғанына 35 жыл «Fashion show by QAZINA» дефилесі (қатысқан адам саны - 200), 9 ақпан М.Мақатаевтың туғанына «Жазылар естеліктер мен туралы» поэзиялық кеші (100), 27 ақпан Жазушы, шежіреші Момбек Әбдіәкімұлының 65 жылдығына арналған «Оңтүстік тарихының сыр» шығармашылық кеші (600), 8 Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Тірегі тіршіліктің — Ару Ана» салтанатты іс-шарасы (1200), 1 наурыз Алғыс айту күніне, «Алғыс айту — асыл қасиет» (430), 14 наурыз «Көрісу күні — Амал мерекесі» (500), 16 наурыз Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне, «Шуақ шашқан әз-Наурыз» іс-шарасы (500), 18 наурыз «Ұлттық киім күні» дизайнерлер байқауы (200), 22 наурыз Ұлыстың ұлы күніне арналған «Армысың, әз-Наурыз» мерекелік іс-шарасы және гала-концерті (10 000) 27 наурыз Халықаралық театр күніне орай, «Театр көктем фестивалінің» апталығы өткізілді (2000).

35748 әскери бөлімінің алаңында «Рухты елдің ұрпағымыз» тақырыбында 7 мамыр «Отан қорғаушылар күні» мерекесі (қатысқан адам саны 1000), 9 мамыр «Жеңіс күні» мерекесіне арналған «Даңқ» мемориалында гүл шоқтарын қою рәсімі (қатысқан адам саны 3170), 21 мамыр «Мәдениет және өнер қызметкерлері күні» мерекесіне арналған іс-шарасы (қатысқан адам саны 300), Қасірет мемориалында 31 мамыр «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» күніне арналған гүл шоқтарын қою рәсімі (қатысқан адам саны 300), орталық саябақта 1 маусым «Халықаралық балаларды қорғау күні» мерекесіне арналған «BalaShym» фестивалі (қатысқан адам саны 3000), 5-6 маусым «Қазақстан мен Өзбекстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (қатысқан адам саны 600), 19 маусым «Қала күні» мерекесіне арналған салтанатты мерекелік іс-шарасы өтті (қатысқан адам саны 3000).



Сонымен қатар Қала күніне орай «Шымкент сити» шағынауданы аумағында заманауи үлгіде, халықаралық стандартқа сай «Тулип-холл» (Конгресс холл) ғимараты ашылды. Тулип холлда халықаралық конференциялар, фестивальдер, концерттік бағдарламалар мен іс-шаралар өткізілетін көпфункционалды орталық. Жер көлемі 5,240 га, ғимараттың құрылыс ауданы — 17 мың 974 шаршы метр. Ғимарат 3 қабаттан, 5 блоктан тұрады. 2066 орынға арналған көрермен залы, 190 орындық конференц залы, 80 орындық салтанат залы, 40 орындық пресс-конференция өткізетін зал, асхана, көлікке жер асты тұрағы қарастырылған.

Биыл Шымкент халқы Астананың туған күнін ерекше сән-салтанатпен «Арбат» демалыс аймағында «Жайна, ару — Астана!» мерекелік концертімен ашты. Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының ұйымдастыруымен өткен мерекелік шараға «Шымкент концерт» концерттік ұйымының өнерпаздары Хадиша Шалабаева, Астана Қарғабай, Бағлан Жолдасов, Берік Сексенбек, Айгерім Тәжі, Жұлдыз Шүкірбаева, Бану Жолдасбекова, Асыл Жандәулетов, Ерлан Асанов, Қуаныш Абжапбаров ел астанасына арналған әндер шырқап, жиналған көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Жыл сайын еліміз шілде айының алғашқы жексенбісін «Ұлттық домбыра күні» ретінде атап өтеді. Биыл шымкенттіктер үшін Ұлттық домбыра күні мерекесі ерекше тойланды. Алғаш рет «Shym City» шағынауданындағы жаңа саябақта өткен гала-концертке халықтың қарасы мол жиналды.

Бұл күні саябақ төрінде орналасқан сахна ұлттық нақышта безендіріліп, 500 - ге жуық мектеп оқушылары мен жергілікті өнерпаздар бір мезетте Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады. Мерекелік концертке «Шымкент концерт» концерттік ұйымының Қазақ ұлт аспаптар оркестрі, «Қазына» би ансамблі, «Қаған» этнофольклорлық ансамблі қала тұрғындары мен қонақтарына халықтық дәстүрлі әндер мен күйлерді тарту етті.

Бұл күні мерекелік бағдарлама мұнымен шектеліп қалмады. Шымкент қаласының барлық қоғамдық көліктері мен сауда орталықтарында домбырамен күй тартылып, термелер орындалды.

27 шілдеден бастап қала тұрғындарына ерекше мәдени демалыс пен көтеріңкі көңіл күй сыйлау, тұрғындардың мәдени демалысын жақсарту мақсатында «Шым қала кештері» атты OPEN AIR форматтағы концерттік іс-шарасы өткізілді.

Әр сенбі сайын бір мезгілде өткізілетін концерттер Шымкенттің түрлі гүлзарлары мен саябақтарын да қамтуда. Қаладағы «Спутник», «Big Tulip», «Шымсити», Арбат, «Наурыз парк» гүлзарлары мен саябақтарында өткен іс-шаралар қайталанбас эмоцияларға толы ерекше көңіл күйде өтті. Алдағы уақытта аталмыш іс-шара өз жалғасын табатын болады.

Жыл соңына дейін «Конституция күні», «Республика күні», «Тәуелсіздік күні», «Шыршаның басты шамын жағу», «Жаңа жыл» мерекелік іс-шараларын, атаулы даталар бойынша жоспарланған және жоспардан тыс іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

2024 жылы қала аумағында ауқымды 47 ресми, көпшілік, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып өткізу жоспарланған. Оның ішінде: Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берілген сұхбатына сәйкес, атаулы даталар бойынша бірқатар іс-шараларды кең көлемде атап өту жоспарға енгізілді. Бірқатар атаулы дата кең көлемде өткізілді. Әрі қарай да жыл соңына дейін тұлғаларымызға арналған мәдени шаралар өз жалғасын табуда. Атап айтсақ: Жошы ұлысы іргесінің қаланғанына 800 жыл, қазақтың әйгілі халық ақыны, жырау, композитор Кенен Әзірбаевтың 140 жылдығы, көрнекті жазушы Бейімбет Маилиннің 130 жылдығы, әйгілі ғалым Қаныш Сәтпаевтың 125 жылдығы, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі суретші Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығы, қазақ ақыны сықақшы Шона Смаханұлының, халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың және қазақ балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл тағы басқа атаулы даталар бойынша іс-шаралар жыл соңына дейін өткізілетін болады.

Одан бөлек, белгілі ақын мәдениет саласының ардагері Ханбибі Есенқарақызының 75 жылдық мерейтойы және мерейтой аясында «Ханбибінің бигі» Республикалық жыр мүшәйрасы, Республика күніне орай Республикалық ақындар айтысы, Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай «Қазақ тілі ұлы даланың ұлтаралық тілі» форумы, А.Пушкин атындағы әмбебап кітапханасының 125 жылдығы, Оңтүстік өңіріндегі тұңғыш құрылған театрдың бірі - Жұмат Шанин атындағы қазақ академиялық драма театрының 90 жылдығы өтті. Сондай-ақ, көпшілік орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің 70 жылдығы, көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының 55 жылдығы, Әл-Фараби ғылыми әмбебап кітапханасының 10 жылдығы, Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының 10 жылдығы атап өту жоспарлануда.

Тамыз айының 22 күні Тәжікстандағы Қазақстанның Мәдениет күндері аясында Шымкент қаласы өнерпаздарының қатысуымен 2200 жылдық тарихы бар Худжанд қаласында концерттік іс-шара ұйымдастырылды. Концерттік бағдарлама «Шымкент концерт» концерттік ұйымының Қазақ ұлт аспаптар оркестрі және «Қазына» би ансамблінің орындауымен басталды. Сүгірдің «Ыңғайтөк» күйі мен Құрманғазының «Балбырауын» күйінен тұратын «Думанды дәурен» композиция қойылымы көрермендері ерекше әсерге бөледі. Салтанатты кеш әрі қарай дәстүрлі әндер мен қазақ классикалық жауһарларымен жалғасты. Концертте Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» поэмасы Қазақ ұлт аспаптар оркестрімен орындалды. Шымкент қалалық опера және балет театрының солисі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Уралхан Сейілбекова Латиф Хамидидің «Бұлбұл» шығармасын орындап көрермені тәнті етті. Сонымен қатар, домбыра шеберлері қазақ композиторлары Е. Хасанғалиев, Қ. Мырзалиев, И. Байзақ, Қ. Жапсарбаев және К. Әзірбаевтың туындыларын орындап, Худжандтық көрермендердің ыстық ықыласына ие болды.

Астана қаласында 8-14 қыркүйек аралығында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында ұйымдастырылған мәдениет іс-шарасына 100 аса өнерпаздар қатысып шетелдік қонақтарға өнерлерін паш етті.

Жыл соңына дейін «Республика күні», «Тәуелсіздік күні», «Шыршаның басты шамын жағу», «Жаңа жыл» іс-шараларын, атаулы даталар бойынша жоспарланған. Шымкент қаласының мәдениет саласы бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді.

Театр мекемелері халықаралық театр фестивальдеріне қатысып «Үздік музыкалық безендіру»,«Ең үздік балалар қойылымы», «Үздік драматургия»,«Үздік екінші пландағы ер адам рөлі» және «Көрермен көзайымы» номинацияларына, Цирк өнерпаздары «14-ші Азия жаңғырығы» халықаралық цирк фестивалінде «Алтын» жүлде, Монголия елінде өткен халықаралық «БРАВО ЦИРКУС-3» сайысында «Талант сыйлығына» ие болды. Астана қаласында өткен «Рухани Қазына» республикалық фестивалінде Шымкент қалалық арнайы кітапханасы «Айрықша қажеттілігі бар азаматтарға арналған үздік кітапхана» атанды.

Тарихи мәдени мұраны сақтау саласында да ауқымды жаңалықтар бар. Шымкент қаласы аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін есепке алу, қорғау аймақтарын анықтау және мемлекеттік тізімге енгізу үшін тарихи-мәдени сараптама дайындау жоспарлануда. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің жинағы шығарылатын болады.

Сонымен қатар, Абай ауданында ономастикалық атауларды қалпына келтіру және реттеудегі басты бағыттардың бірі ретінде халықтың қоғамдық санасын жаңғырту аясында жергілікті атқарушы органдардың ономастика саласындағы жұмысын үйлестіру және жүйелендіру, тарихи тұлғалар мен тарихи атаулардың мән-мағынасын анықтау, түсіндіру, насихаттау және пікір алмасу мақсатында «Ұлттық ономастика: Ізденіс пен тәжірибе» атты көшпелі семинар өтті.

Шара барысында сөз алған азаматтар қала көшелеріне жүргізілген талдау, идеологиялық тұрғыдан ескерген көше атаулары мен кісі есімдерін беру мәселелері, көшеге атау беру барысында уәкілетті органмен келісу, ескі атаулардың шығу тарихына назар аудару, нысандарға атау беру кезінде тілдік нормаларды сақтау мен тарихи тұлғалар есімін беру барысында негізгі критерийлерді ескеру барысы туралы сөз қозғалды.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

# ОТБАСЫ БАНКТЕН МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚАҚЫНЫҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРІН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

*Күз мезгілінде дәстүрлі түрде Отбасы банктегі ( Бәйтерек холдингінің еншілес ұйымы) депозиттерге түсетін салымдардың көлемі артады. Бұл күнтізбелік жылдың аяқталуына байланысты, оның қорытындысы бойынша әрбір салымшыға банктің сыйақысынан басқа мемлекет сыйлықақысы есептеледі.*

**Мемлекет сыйлықақысы дегеніміз не және ол кімге төленуі тиіс?**

Мемлекеттік сыйлықақы — тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының азаматтарына жыл сайын бөлінетін мемлекеттік қолдау шарасы. "Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" заңға сәйкес салымшының таңдауы бойынша мемлекеттік сыйлықақы тек бір тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі бір шотқа ғана есептеледі.

Қазақстанда бұл жүйені Отбасы банк жүзеге асырады. Сондықтан оның салымшылары жыл сайын мемлекеттен бонус алады.

**Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесіне қатысушылар мемлекеттен қанша сома алады?**

Мемлекет сыйлықақысы 200 АЕК-тен аспайтын сомаға 20% мөлшерінде есептеледі. 2024 жылы бұл — 738 400 теңге.

Егер клиент күнтізбелік жыл ішінде осы қаражатты өз депозитінде жинақтаса немесе оны бірден шотқа толықтырса, онда 2024 жылдың қорытындысы бойынша ол ең жоғары сыйлықақыны — 147 680 теңгені алады.

Мемлекеттен 20% көлемінде бонус алу үшін Отбасы банктің салымшылары ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін өз депозиттерін толықтырып үлгеруі тиіс.

Депозитті толықтыру мерзімі маңызды емес. Яғни салымшы депозитті ай сайын — қаңтардан желтоқсанды қоса алғанға дейін толықтыра алады немесе өзінің жинақ шотына белгілі бір соманы бір рет енгізе алады.

Жаңа клиент өз салымын қазір ашып, оны жыл соңына дейін толықтырған жағдайда да мемлекеттік сыйлықақыны алады.

**Мемлекеттік сыйлықақы әр депозитке тағайындалады ма?**

Мемлекеттік сыйлықақы Отбасы Банкінде ашылған бір салымшының бір салымы үшін тағайындалады. Егер бір салымшының Отбасы банкінде бірнеше салымы яғни бірнеше депозиті болса, онда мемлекеттік сыйлықақы олардың біреуіне ғана есептеледі.

Сіз Otbasy bank Lite мобильді қосымшасында мемлекеттік сыйлықақы қай депозитке есептелетінін тексеріп, қажет болған жағдайда оны ауыстыра аласыз.

**Мемлекеттік сыйлықақы өткен жылдарда депозитте жиналған қаражатқа есептеле ме?**

Мемлекеттік сыйлықақы бұрын сыйлықақымен марапатталмаған сомаға ғана тағайындалады. Яғни, жыл сайын ағымдағы жылы толықтырылған жаңа жинақтар мен өткен жылы марапатталмаған жинақтардың қалдығы есепке алынады.

Мысалы, 2023 жылы банк клиенті депозитті 800 000 теңгемен толықтырды. Оның ішінде 690 000 теңге көлеміндегі ақшаға мемлекеттік сыйлық тағайындалды (бұл 2023 жылы 200 АЕК). Бұл ағымдағы жылдың соңында мемлекеттік сыйлықақы қалған, яғни марапатталмаған 110 000 теңгеге және 2024 жылы депозитте жинақталатын жаңа жинақты марапаттайды деген сөз.

**Мемлекеттік сыйлықақы қандай жағдайларда бюджетке қайтарылады?**

- егер салымшы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасын үш жылдан аз уақыт жинаса және тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шартты мерзімінен бұрын бұзса;
- егер салымшы тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарт бойынша құқықтарын, яғни депозитін Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын тұлғаға берсе;
- ақша үш жылдан кем уақыт бойы жиналған кезде, несие берілген күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде қарызды қайтарған жағдайда.

Отбасы банктің депозиттік базасы жыл сайын өсіп келеді және бұл халықтың тұрғын үй құрылысы жинақ жүйесіне деген сенімін көрсетеді. Қазіргі таңда банкте 2,8 миллионға жуық жинақ шоттары ашылған. Жылдық 2% мөлшеріндегі сыйақыны және 20% мөлшеріндегі мемлекеттік сыйлықақыны ескере отырып, салымдар бойынша тиімді сыйақы мөлшерлемесі — жылдық 2,4%-дан 17,1%-ға дейін (мемлекет сыйлықақысын ескергенде).

ткен жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік сыйлықақыны Отбасы банктің 1 990 790 салымшысы өз шоттарына алды. Бұл ретте олардың әрбір төртіншісі мемлекеттің ең жоғары сыйлықақысына ие болды.

Отбасы банкіндегі жинақ шоттары иелерінің жасы әртүрлі. Мысалы, 2023 жылдың аяғында 240 мыңнан астам қазақстандық балалардың атына ашылған жинақ шоттарына мемлекеттік сыйлықақы алды. Ал Отбасы банктің ең қарт салымшысы 89 жаста. Оның Ақтөбе облысында тұратындығы және есепшотында 1,3 миллион теңге жинағы бар екендігі белгілі болды.

